





ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
ТАРАЗ ИННОВАЦИЯЛЫҚ-ГУМАНИТАРЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

# ТИГУ ЖАРШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-АҚПАРАТТЫҚ ЖУРНАЛ



$$\begin{aligned} \operatorname{tg}(\alpha - \beta) &= \frac{\operatorname{tg} \alpha - \operatorname{tg} \beta}{1 + \operatorname{tg} \alpha \operatorname{tg} \beta} \\ b^r &= r \log_a b \\ \operatorname{ctg}^2 \alpha + 1 &= \frac{1}{\sin^2 \alpha} = \operatorname{cosec}^2 \alpha \end{aligned}$$



**ПЕДАГОГИКА**

- ДЖУМАШЕВА А.С. Бейнелеу өнері пәні арқылы көркем білім мен тәрбие беру.....74
- САРЫБЕКОВА Ж.Т., БИЖАНОВА Н.Қ. Оқушыларды ұлттық құндылықтарды құрметтеуге тәрбиелеудің құрылымдық-мазмұндық моделі.....77
- АБЖАПАРОВА М.Т., АБЖАПАРОВА М.Т. Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамыту.....81
- НАВРУЗБАЕВА А.У. Бастауыш білім беру кезеңінде оқушылардың оқу мәдениетін қалыптастыру мен дамытудың педагогикалық сипаты.....85
- ЫБЫРАИМЖАНОВ Қ.Т., ТОҚТАНАЕВА Қ.Е. Болашақ бейнелеу өнері пәнінің мұғалімдерін дайындаудың дидактикалық негіздері.....90
- АБИШОВА Э.А. Педагогикалық үдерістегі ұжымдық танымдық іс-әрекет ұғымының теориялық мәселесі.....94
- НУРМАХАНБЕТОВА Т. Баланың мектепте баулудың алғашқы кезеңнің психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері.....97
- ЫБЫРАИМЖАНОВ Қ.Т., ТЕКЕБАЙ Д. Білім беру жүйесіндегі жаңашылдық және дамыта оқыту технологиясы.....101

**ТАРИХ**

- БАЙТІЛЕН С.А., БАЙТІЛЕНОВА Д.С. Хандығымыздың 550 жылдығын әр қазақстандық тойлауы керек.....106

**ҚҰҚЫҚ**

- СУЛЕЙМАНОВ Х.Ж., АҚЫНБЕК М. Прокуратура органының қызметін ұйымдастырудың құқықтық негіздері.....111
- ЖУМАГУЛОВА Б.П., ЖУМАБЕКОВА Ж.Д. Кедендік қылмыстар мен күрестің тиімділігі.....114
- ОМАРОВА А. Лизинг шартының пайда болуы және қалыптасу тарихы.....117
- АРГИНБАЕВА М.М., КУРМАНБАЕВ А.Н. Коррупционная преступность сотрудников органов внутренних дел как объект криминологического исследования.....120
- ЕРНИШЕВ Қ.А., САТАЕВ Е.А. Медицина жұмыскерлерінің кәсіптік қызметін тиісінше орындамауына байланысты қылмыстарының ұғымы.....123

**ФИЛОЛОГИЯ**

- ТӨЛЕУ М.М. Н. Дәутайұлы-публицист.....128
- ТӨРТКҮЛБАЕВА Т., КӘРІБАЕВА А.Ө. Қарақалпақ аймағы: қазақ ақын-жыраулар поэзиясындағы ұлттық және тарихи-генетикалық негіздер.....131

ӘОЖ 811.512.1:37 (09)

**ҚАРАҚАЛПАҚ АЙМАҒЫ: ҚАЗАҚ АҚЫН-ЖЫРАУЛАР ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ  
ҰЛТТЫҚ ЖӘНЕ ТАРИХИ-ГЕНЕТИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕР**<sup>1</sup>ТӨРТКҮЛБАЕВА Т., <sup>2</sup>КӨРІБАЕВА А.Ө.<sup>1</sup>НӨКІС МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫ, ҚАРАҚАЛПАҚСТАН<sup>2</sup>ТАРАЗ ИННОВАЦИЯЛЫҚ-ГУМАНИТАРЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ, ТАРАЗ Қ.**РЕЗЮМЕ**

*В этой статье рассматриваются вопросы о наследии казахской диаспоры в регионе Каракалпакии. В этом крае были поэты казахского народа. Их народное творчество звучали в эпосах и лирики казахского языка, а также его развитие среди других тюркских народностей. Казахский национальный фольклор и классическая литература – национальный ареал, региональная, этническая группа или появление и формирование поэта - писателя.*

**SUMMARY**

*In this article questions on a heritage of the Kazakh diaspora in region of Kara-Kalpak are considered. In this edge there were poets of Kazakh people. Their national work sounded in eposes and lyrics of the Kazakh language, as well as its progress among other Turkic nationalities. Kazakh national Folklore and the classical literature – a national area, regional, an ethnic group or occurrence and formation of the poet - the writer.*

Қазақтың ұлттық фольклорымен классикалық әдебиеті – ұлттың ареалдық, аймақтық, этникалық жеке бір тобының не ақын- жазушының шығармашылығының пайда болуымен қалыптасуында негізгі фактор болатыны таңданатын жаңалық емес. Себебі, бұл аймақтағы қазақ ақын-жыраулары, жоқ жерден пайда болған саз және сөз өнері иелері емес еді. Олардың кейбіреуі туған жер топырағында жүрген кездерінде-ақ үлкен өнер иелері сыпатында танылған, халық арасында кеңінен таралған жыршы-жыраулар мен ақын-жыраулар болатын. Олар жаңа ұлттық ортаға келгенде, қарабастың қамы үшін тек өздерін, бала-шағасын, мал-мүлкін алып келумен шектелмей өздерімен бірге ата-бабасынан мұра болып келе жатырған сан ғасырлық рухани дүниесінде ала келді. Ең бастысы- олар өздері жол азабынан талай қиындық көрседе, талай құрбандықтарға кездеседе, халықтың сан мың ғасырлық бай фольклорымен классикалық әдебиетінің бай үлгілерін ойсандығында сақтап, бұзбай, ардақтап, ұмытпай сол қалпында жеткізе білді. Бұл дүние өздерінің, халықтың рухани күші еді. Сондықтанда, олар жаңа ұлттық фольклор, жаңа ұлттық әдебиетті дамытамын деп, кезең мәселесін деде, шығармашылық еңбектерінде де ұзақ уақыт күткен жоқ. Олардың бірінші кезектегі міндеті: осы қолдағы бар байлықты жоғалтпай таза қалпында ойсандығында сақтау, екіншіден оны халық арасына тарату, үшіншіден рухани азық ету, төртіншіден байыту және бұдан әрі дамыту еді.

Жаңа ұлттық орталыққа қоныс тануға көшпен бірге келген мұндай талант иелері, жоғарыдағы міндетті өз халқының патриоты және үлкен сөз шебері сыпатында жанашырлықпен адал атқарды. Бұл міндетті атқаруда олар өз халқының бай фольклорымен әдебиетін тудырушы ақын-жыраулар мұрагерлері сыпатындамайданға келіп, олардың көп жылдық көркем-эстетикалық дәстүрлерін орындаушылық пен шығармашылық құқығын мұқият пайдаланды.

Солай етіп, қарақалпақ аймағындағы қазақ фольклорымен қазақ әдебиеті, өзінің пайда болуы және қалыптасуының алғашқы дәуірінде-ақ осы дәстүр көрінісі сипатында келіп шықты десек, асыра айтқан болмаймыз. Бұл өз кезегінде, осы аймақтағы қазақ әдебиетінің ұлттық тамырын берік сақтаушы, ұлттық ерекшелігін қамтамасыз етуші және

жаратушы, негізгі ұлттық, көркем-эстетикалық факторлар болып есептеледі. Олай болса, бұл мәселеге азда болса арнайы тоқталып өту, әрине, мақсатқа сай екендігі өзінен-өзі белгілі.

Жоғарыда айтқанымыздай, XIX ғасырдың екінші жартысымен XX ғасырдың бас кезінде қарақалпақ аймағының қазақтары үшін тарихтың ең бір ауыр кезеңі, сонымен бірге аса қажетті міндеттерді шешуі тиіс, ең жауапкершілікті қиында, күрделі кезеңдер болды. Ең басты қиыншылық, олар бұл дәуірде қарақалпақ аймағында кейбір жерлерде, ауыл-ауыл, немесе ру-ру болып оқшау орналасып, толық шаруашылыққа айналып, биологиялық тіршілігін сақтап қалу үшін, материалдық негіз тауып, шаруаларын тіктепалғанмен бірге өз тілін, өз әдет-ғұрпын, өз дәстүрін-салтын сақтап, тілімізбен ұлттық жәдігерлерімізді мәдени мұраларымызды сақтап қалды. Осы рухани байлығын бұдан былай өркендете аламыз жоқпа? – деп, бұл аймақтың негізгі иелері болған қарақалпақтарға қосылып, тіліміз ассимиляцияланып кетпейме?-деген мәселелереді. Яғни бұл дәуірде қарақалпақ аймағы қазақтарының этно тобына өздігін сақтап қалу күн тәртібіндегі ең басты мәселе болды.

Мұның жақсылыққа жоритын ұнамды жауаптарын бәрінен бұрын сол дәуірдегі қарақалпақ аймағы қазақтарының этно тобының басшылары, яғни айтқанда осы көшті бастап келген, ру басылары мен билері, ақсақалдары мен батырлары, ең негізгісі- өз дәуірлерінің алдыңғы қатар өкілдері болған. Халықтың көрер көзімен сөйлер сөзі есептелетін жыршы-жырауларымен ақын-жыраулары білетін еді. Сол үшінде олар үлкен үмітпен және сенім мен халықты бұл аймаққа бастап келді. Себебі, бұл аймақ олардың назарында халықты саяси-рухани және табиғи апатшылықтан уақытша сақтап қалатын физио-биологиялық баспана орталығына емес. Ал оның елдігін, руханиятын, жәдігерлерін, ұлттық белгісінде аман сақтап қалатын және одан әрі өркендетуге кең мүмкіндігімен тарихи негіздері бар, ұлттық-мәдени орта еді.

Біздің пікірімізшеде, XIX ғасырдың екінші жартысымен XX ғасырдың басында Қарақалпақ аймағында қазақ этно тобының халық сыпатында ұлттығын сақтап қалуына және өркендеуіне мүмкін болған. Өйткені, бұл өңірде мәдени, моральдық-психологиялық ұлттық этно орталық қалыптасқан еді. Бұл жағдайлар төмендегі деректерде көрінеді. Мәселен:

- қазақтар қарақалпақ аймағындағы ежелгі Хорезм цивилизациясының бір бөлігі болғандығы;

- бұл аймақта жасаушы түркі халықтары (қарақалпақ, өзбек, қазақ, түркмен) этно тобының, тарихи-генетикалық жақындығында, тілі, діні, салт-дәстүрі, мәдениетінің ұқсастық белгілері;

- ең негізгісі-олардың туыстық, достық қатынастарында;

Бұл деректер шындығындада, қарақалпақ аймағында қоныстанған қазақ этно тобының рухани байлығын сақтап көмектесумен бірге, оны байытуға, дамытуға үлкен ықпалын тигізді. Осы дәуірлердегі қарақалпақ аймағы "қазақ әдебиетіндегі дәстүрмен жаңашылдық" мәселесін зерттеуші ғалым, профессор Қ.Жұмажановтың пікірінше, бұл аймақта іргелес отырған туыстас халықтардың достығы, бауырмалдығы, қазақ этно тобының басына ауыр күн туғанда: тар жол тайғақ кешуге кез болған қиян-кескі, аласапыран заманда бұл қайшылықтарды жеңуге көмектескен болатын. Сондай-ақ, қыз беріп-қыз алысып, төсекте басы, төскейде малы қосылып, бір ниетте, бір мақсатта өсіп, үрім бұтағын тең тәрбиелеген.

Мұндай туысқандық байланыс ізі фольклорлық және әдеби мұра шығарушыларына өз ықпалын тигізген. Сондықтан, той-думандарда, мерекелерде, бірінің жырын екіншісі жатсын бай орындаған. Екіншіден, мұндай байланыстар, олардың саз және сөз шебері сыпатындағы даралық шығармашылығының дамуына, жаңа бағыт-бағдар беріп отырған. Жалпы, жоғарыдағы айтылған тарихи-генетикалық деректерді қарақалпақ аймағында қазақ ақын-жыраулар мұраларының сақталуына, өз алдына тіл болып дамуына үлкен мүмкіндік берген дәлелдер,- деп бағаласа болады.

Қарақалпақ аймағындағы қазақ фольклорымен әдебиеті, дәлірек айтқанда аймақтағы ақын-жыраулар мұрасы-бірінші кезекте ұлттық мәдениет пен мұрагерлік дәстүрінің жемісі сыпатында келіп шықты. Мұның себебі-бұл қарақалпақ аймағындағы қазақ ақын-жыраулар мұрасы тұтас бір ұлттың, қазақ фольклорымен әдебиетінің ажырамас бір бөлігі, ерекше жеке бір түрі болғандықтан, XIX және XX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақтың бір тұтас фольклорымен әдебиеті, өзіне дейінгі әдебиет жанрларының түрлерінен қандай ақын-жыраулар шығармашылығын мұра етіп қабылдағын болса, мұндай мұрагерлік дәстүрі-осы дәуірдегі қарақалпақ аймағындағы қазақ фольклорымен қазақ әдебиетінде де өзіндік көркем көрінісін тапты. Сол үшін, XIX ғасырдың екінші жартысымен XX ғасырдың бірінші жартысындағы ақын-жыраулар шығармашылығы қандай болды?- деген сұраққа жауап іздеуден алдын "олар сусындаған, рухани-эстетикалық азы қалған бұл мұралар қандай еді",-деген сұраққа жауап беру мақсатқа сай болады.

Осы көзқарастан бұл мәселеге көз жүгіртсек, қарақалпақ аймағындағы қазақ ақын-жыраулар мұрасы, өзінің жанрлық, тұлғалық қасиеттері, бейнелеу тәсілдерімен көркем-эстетикалық сипаттары жағынан алдыңғы орынды иелейді, жыршылық, жыраулық, ақындық жағынан жалпы саз және сөз өнері дәстүрлері бойынша, өзіне дейінгі қауымдағы бір тұтас ұлттық қазақ фольклорымен әдебиетінен түбегейлі сусындап келген еді.

Сол үшін бізде "Қарақалпақ аймағында: қазақ жырауларымен ақындары мұрасының түрлері" дегенде, бірінші кезекте бір тұтас ұлттық қазақ фольклорының түрлерін көз алдымызға келтіреміз. Атап айтсақ, бір тұтас қазақ ұлттық фольклорындағы, лирикалық жанрларға кіретін тұрмыс-салт жырларыда (төрт түлік туралы өлеңдер, наурыз өлеңдері, қыз бен жігіт айтысы, жарапазан, бәді кайтысы, тойбастар, жар-жар, беташар, ойын-сауық ән өлеңдері, жаңылтпаш, өтірік өлеңдер, қоштасу, жоқтау өлеңдері және т.б.), эпикалық жанрдағы ертегі және халықтың ауызша проза түрлері болған аңыздар, шешендік сөздер, мифтер, ірі эпостық шығармалар "Алпамыс батыр", "Қобыланды батыр", "Ер Тарғын", "Қамбар батыр" жырларымен "Қозы Көрпеш-Баян сұлу", "Қыз Жібек", "Айман-Шолпан" сияқты ғашықтық жырларыда, бәрі-бәрі қарақалпақ аймағы қазақ ақын-жырауларының пір тұтқан ұлттық-мәдени мұралары еді.

Сондықтанда, қарақалпақ аймағындағы қазақ ақын-жыраулары: Ақпан Әйтбекұлы, Сейдәлі ақын Жұмабекұлы, Қазан жырау, Қарасай Қалиұлы, Өтім жырау Балтуғанұлы, Амантұрлы жырау, Таңжарбай Бәкірұлы, Жұмағали Сағынбаев, Дариябай Төребаев, Серікбай жырау, Ережеп Тілеумағамбетұлы Аманжолов, Жақып жырау Құтыманұлы, Ермахан Жандайұлы, Жалғасбай Аралбаев, Жақсылық Мамытұлы, Құдайберген Үмбетәліұлы Шоқаев, Жақсылық Төлепов, Теңізбай жырау Есенбаев, Мұратбай Шоңқараев, Қайролла Иманғалиев, Ерқожа Құлпыбайұлы, Тоқсанбаев Алдаберген Сатыбалдыұлы, Алдамберген Тасқынбаев, Наурызбек жырау, Өсербай жырау Биман Кенжебаев, Матнияз Тәжібаевтар ұлттық-рухани және эстетикалық дүниенің заңды мұрагерлері болып есептеліп қоймастан, оның жанды орындаушыларымен таратушылары және құқықтық қайта шығарушыларыда болды. Олар бай мұраны орындау, тарату және қайта шығару арқылы өздерінің дара шығармашылық өнерлерінде үлкен негіз салды.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бердібаев, Р. Кәусар бұлақ.-Алматы. 1989 ж. – 229 б.
2. Жұмажанов Қ. Қарақалпақ аймағындағы қазақ әдебиеті. Алматы. 2006 ж. – 374 б.
3. Қарақалпақстан XIX ғасырдың екінші жартысынан ХХІ ғасырға дейін. Нөкіс. 2003 ж. – 314 б.

